

## сМазмұны

Кіріспе.....	3
--------------	---

### I БӨЛІМ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЕСЕБІНІҢ АУДИТІ

1.1 Негізгі құралдарды есепке алу және есептен шығарудың аудиті.....	5
1.2 Негізгі құралдардың амортизациясын есептеу және жөндеу есебіне аудиті.....	8

### II НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ АУДИТІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СИПАТТАМСЫ

2.1 Негізгі құралдар аудитінің мәні және ақпарат көздері.....	10
2.2 Негізгі құралдардың аудитінің нормативтік құқықтық реттеуі.....	18

### III БӨЛІМ АУДИТОРЛЫ ҚОРЫТЫНДЫ

3.1 Негізгі құралдардың қозғалысының талдауы.....	25
---	----

Қорытынды.....	27
----------------	----

Қолданылған әдебиеттер тізімі

## Кіріспе

Кез келген өндіріс өз қызметіне құрал-жабдықтарын тартса ғана жүреді, ал ол еңбек заттары (шкізат, материалдар, сатып алынған жартылай фабрикалар) және еңбек құралдары ( машина, станок) болып бөленеді. Бұл арада еңбек құралдарының құрамы сыртқы белгісімен емес, олардың өндіріс процесінде ақаратын роліне қарап анықталады.

Бухгалтерлік есепте негізгі құралдар деп өндіріс үдерісінде ұзақ уақыт бойы, яғни бір жылдан артық уақыт пайдаланатын, өзіннің бастапқы түрін, көлемін сақтай отырып, құнын шығарыпқан өнімге, орындалған жұмысқа, көрсетілген қызметке есептелген амортизациялық аударым мөлшері шегінде біртіндеп ауыстырып отыратын еңбек құралдарың, яғни материалдық активтерді айтады. "Негізгі құралдарға" — қыралмайтын мүлік жер учасжелері, үйлер мен ғимараттар, өткізгіш тетіктер, машиналар мен жабдықтар, өлшеуіш және реттеуіш аспаптары мен құралдары, есептеуіш машиналар мен техникалары және олардың бағдарламалық құралдары, көлік тасымалдау құралдары, аспаптар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандары, өнім және жұмыс малдары, көп жылдық көшеттер, шаруашылықтың ішкі жолы, тәжі да басқалар жатады.

Аудиторлық қызметтің мәні қаржылық есеп беруді, төлем-есептеу құжаттамасын тәуелсіз тексеру, түрлі қызметтер мен кеңес беру бухгалтерлік есеп жүргізу мен қалпына келтіру, ұйымның активтері мен міндеттемелерін бағалау, салық декларациясын толтыру, қаржы - шаруашылық қызметке экономикалық талдау жүргізу бойынша тұтынушыларға қызметтер ұсынатын аудиторлық фирмалардың (аудиторлардың) кәсіпкерлік қызметі болып табылуында.

Негізгі құралдар субъектінің материалды-техникалық жарақтану базасын құрудың негізін қалыптастырып, қызметтегі жетекші бағыттарды іске асыруда маңызды рөл атқарады. Негізгі құралдарды сақтау, есепке алу және пайдалану ерекшеліктерін оның аудитінің мақсаты туындайды. Яғни

аудитінің мақсаты- негізгі мұралдың сақталу орындары бойынша ішкі және сыртқы қозғалыстарының құнына, пайдалы қызмет ету мерзіміне негізделген өзгерістерінің дер езінде бухгалтерлік есепте дұрыс көрсетілгендігін және оларды қорытынды есепті мәліметтерімен сәйкестігін тексеру болып табылады. Аудиттер алдына қойған мақсатына жету үшін тексеруді талап ететін басты міндеттерді анықтап алуға тиіс.

# I НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЕСЕБІНІҢ АУДИТІ

## 1.1. Негізгі құралдарды есепке алу және есептен шығарудың аудиті

Негізгі құралдардың түсуі мынадай құжаттармен рәсімделеді. Негізгі құралдарды қабылдау – тапсыру (орнын ауыстыру) актісі негізгі құралдар құрамына жекелеген объектілерді енгізу үшін; қолданылып жүрген заңға сәйкес олардың енгізілуі ерекше тәртіппен рәсімделуге тиіс жағдайлардан басқасы, оларды пайдалануға берілуін рәсімдеу үшін; негізгі құрал – жабдықтардың бір цехтан (бөлімнен, учаскеден) екіншісіне орын ауыстыруын рәсімдеу үшін; негізгі құралдарды қоймадан (жұрдан) пайдалануға берілуін рәсімдеу үшін, сондай – ақ басқа да субъектілерге берілген кезінде (жарғырып капиталға қосқан үлестерді, сағуды, сыйларды) оларды негізгі құралдардың құрамынан шығару үшін қолданылады.

Негізгі құралдарды қабылдауды рәсімдеу кезінде субъект жетекшісінің өкілімен тағайындалған қабылдау комиссиясы әрбір жекелеген объектіге бір данадан акт жасайды. Рәсімделенгеннен кейін осы объектіге қатысты техникалық құжаттама қоса тіркеліп акт бухгалтерияға беріледі, бас бухгалтер қол қойып, субъект жетекшісі немесе оған өкілетті адамдар бекітеді.

Алыс – беріс (орын ауыстыру) актісінде, міндетті реквизиттермен қоса, комиссия қызмет ету мерзімін және болжамдық жою құнын көрсетеді. Қызмет ету мерзімін шаруашылық жүргізуші субъекті дербес анықтай алады, яғни ол негізгі құралдың техникалық жағдайына, нормасынан және басқа да көрсеткіштерінен шығады. Ал болжамдық жою құны негізінен шаруашылық жүргізуші субъектінің есептік саясатында көрініс табуы керек, болмаса оны қабылдау комиссиясы көп жағдайда көзбен (визуально) анықтайды, не болмаса бастапқы құнның 0,01 – ден 2,0% - ке дейінгі сомасы алынады.

Негізгі құралдардың қасіпорын ішіндегі орын ауыстыруын рәсімдеу үшін актіні екі дана етіп тапсырушы цех (бөлім) қызметкері толтырады. Алушының және тапсырушының қолдары қойылған бірінші данасы бухгалтерияға тапсырылады, ал екіншісі тапсырушы цехта қалады.

Негізгі құралдары ақысыз беру (сыйлау) кезінде акт (тапсырушы және қабылдаушы субъектілер үшін) екі дана етіп жасалынады.

Негізгі құралдарды басқа субъектіге сағу кезінде актінің үш данасы жазылады: алғашқы екеуі өткізіліп субъектіде қалады (онда бірінші дана негізгі құралдардың нақты бары, қызғанысы туралы есеп беруге, екіншісі – есеп – айырысу төлем құжаттарына тіркеледі). Үшінші дана негізгі құралдары қабылдаушы адамға беріледі.

Негізгі құралдар бірдей өндірістік немесе шаруашылық жұмыстарға арналған, техникалық сипаттамасы және құны бірдей шаруашылық мүліктің бір топті заттарымен құрал – сайланнан тұрса, олар бухгалтерияда бір мүліктік карточкада жүргізіледі.

Бухгалтерияға келіп түскен объектіні материалдық жауапты адамға бекітіп, мүліктік карточка ашады, объектіге мүліктік тізімдеу нөмірін беріп, мүлікті Мүліктік тізімге алады, негізгі құралдарды алу туралы жазбасы жасалады.

Бұл мүліктерді бір ғана карточкада есепке алуға рұқсат етіледі. Барлық негізгі құралдар үшін Мүліктік карточкасының нысаны төменде келтірілген.

Бұл карточка бухгалтерияға келіп түскен негізгі құралдың актілері, техникалық төлқұжаттары және басқа құжаттар негізінде толтырылады. Карточкада объектінің және олардың жекелеген құрылымдық элементтерінің қысқаша техникалық сипаттамасы беріледі, бірақ сол техникалық құжаттамадағы мәліметтері қайталанбайды. Негізгі құралды басқа субъектіге тапсыру (беру) кезінде негізгі құралдардың шығуы туралы белгілі есепке, сондай – ақ негізгі құрал объектілерінің субъект ішінде орын ауыстыру кезінде «Негізгі құралдарды қабылдау – тапсыру (орнын ауыстыру) актісі», ескіру және тозу салдарынан негізгі құралдың объектілерін есептен шығаруға «Негізгі құралдар объектілерін есептен шығару актісі» негіз бола алады. Құрылысы салынып біткен, жабдықтаулары

орнатылған, жөндеу жұмыстары біткен объектілер туралы жазбаларды карточкаға жазу үшін «Жөнделген, қайта құрылған және жаңартылған объектілерді қабылдау актілері» негізінде жазылады.

«Объектінің қысқаша жеке сипаттамасы» бөлімінде негізгі объектінің тек негізгі сапалық және сандық көрсеткіштері, сондай – ақ объектінің техникалық құжаттамасында бар мәліметтерді қайталамай, осы объект үшін маңыздылығы екі – үш сапалық көрсеткіштермен шектеліп, оған қатысты маңызы қосымша құрылыстар, бейімдегіштер мен тиесілі заттар жазылады. Негізгі құралдардың топтама есебі жайында қысқаша жеке сипаттаманы әр объектіге жеке бермей – ақ, мүлктік карточкада есептелген объектілерінің тобына тұтасай береді. Егер де объектінің сандық та және сапалық та көрсеткіштері айтарлықтай өзгерсе, онда оларға жаңа карточка ашылуы мүмкін, ал ескі мүлктік карточка анықтама құжаты ретінде сақталады.

Бухгалтериядағы талтырылған Мүлктік карточкалардың негізінде негізгі құралдардың есебі бойынша жасалатын мүлктік карточкасын Тізімдемеге тіркейді, ол (тізімдеме) негізгі құралдардың жүйемесі бойынша бір данада жасалады.

Негізгі құрал – жабдықтарды есептен шығару: табиғи және моральдық (сапалық) тозуына байланысты жою қажет болғанда; құрылыс жүргізгенде; кәсіпорында немесе басқа объектілерді техникалық жағынан қайта жабдықтағанда; кеңейткенде; негізгі табыннан малдарды жарамсыз деп тапқанда; табиғи қиыншылықтар мен аппараттардың нәтижесінде, пайдаланудың қалыпты жағдайлары өзгергенде; баланстан тегін бергенде; сыйпағанда; шаруашылықаралық және басқа кәсіпорындарға, ұйымдарға бергенде (сатқанда), өткізгенде және айырбастағанда жүзеге асады. Объектілер немесе ішкі ара (объектіні қайта жабдықтау және жаңалау кезінде) жойылады. Субъектінің балансынан жою тәртібіне сәйкес, пайдалану мерзімі біткен, табиғи зіл – залалының және аппараттардың нәтижесінде өзінің өндірістік мәнін жойған, қайта қалыпқа келтіру экономикалық жағынан тиімсіз немесе мүмкін болмаған жағдайда және оларды іске асыруға немесе басқа шаруашылық жүргізуші субъектіге беруге болмайтын тозығы жеткен ғимараттар, құрылыстар, құрал – жабдықтар, сондай – ақ басқа да тозығы жеткен мүліктер шығарылып тасталынады.

### 1.3. Негізгі құралдардың амортизациясын есептеу және жөндеу есебінң аудиті

Негізгі құралдар өндіріс процесіне қатысуымен, жылдар мерзімінің әсерімен, табиғат күшінің әсер етуімен пайдалану процесінде біртіндеп тозады. Тозудың екі түрі болады: табиғи және сапалық (моральдық) (заман талабына сай келмеуі).

Негізгі құралдардың табиғи тозуы олардың өндіріс процесіне қатысу нәтижесінен және негізгі құралдардың пайдалануға тікелей қатыспай-ақ, түрлі сыртқы факторлардың әсерінен: ылғалдан, атмосфералық құбылыстар нәтижесінен, металдардың тот басуынан, ескіруінен (тозудың табиғи нысаны) пайда болады.

Негізгі құралдардың сапалық (моральдық) тозуы техникалық прогреске, өндіріс әдістерін жетілдіруге және жаңартуға байланысты болып келеді. Техника мен технологияны жетілдіру жұмыс істей тұрған негізгі құралдардың ұқсас өнімдерінің арзандауына ықпал етеді. Осыған орай, пайдаланылудағы негізгі құралдар өздерінің құнының бөлігін жоғалтып, құнысызданғандай болады. Машиналардың, жабдықтардың, үйлер мен ғимараттардың барынша жаңа, неғұрлым жетілдірілген және үнемді түрлерін, малдардың жаңа немесе жақсартылған өнімді тұқымдарын, көпжылдық өсімдіктердің түрлері мен сорттарын өндіріске енгізуге байланысты пайдаланылып жүрген негізгі құралдарды бұдан әрі қолдану экономикалық жағынан тиімсіз болып қалады.

Негізгі құралдардың сапалық (моральдық) тозуын мынадай факторлар арқылы анықтайды: өндірісте немесе жабдықтарды жаңартудағы жаңашылықтар (ескі машиналарды жаңа, неғұрлым өнімді машиналармен ауыстыру); технологиялық процесті жетілдіру — жаңа технология қолданған кезде пайдаланудағы машиналар мен жабдықтар жарамайды; шығарылатын өнімнің номенклатурасын өзгерткенде және жаңартқанда (ескі машиналар

мен құрал-жабдықтар жарамсыз болып табылады); жұмысшы күшінің еңбекке қамтылуындағы, жұмысшылар біліктілігіндегі, өндірісті орналастыру географиясындағы өзгерістер өндірістің және пайдаланылатын машиналар мен жабдықтар санының азайтылуын талап етуі мүмкін; өндірістің өңдеуші салаларындағы өнімнің жөжелеген түрлерін шығаруға қажетті шикізат құрамындағы өзгерістер өнеркәсіптің өндіретін салаларында өндіріс көлемінің қысқаруына әкеліп соғуы мүмкін.

Моральдық тозудың әсері нәтижесінде табиғи тозу мерзімі келгенге дейін негізгі құрал-жабдықтар объектілері жаңасына, әрі неғұрлым пайдалы (үнемді) түріне ауыстырылады. Моральдық тозуды болдырмау мақсатында негізгі құрал-жабдықтар объектілерін қайта құрып, жаңарту жұмыстарын жүргізеді.

Мұражай және марфелтуынды құндылықтары, кітапхана кітаптары, фильмқорлары, сәулет және өнер көрсеткіштері болып табылатын үйлер мен ғимараттар және басқа барлық негізгі құралдар моральдық тозуда ұшырайды. Амортизация (латынның "өтеу" деген сөзінен) — тозудың құндық көрінісін білдіреді. Нәб-иы "Негізгі құралдардың есебі" бухгалтерлік есеп стандартына (БЕС) сәйкес, амортизация — активтің қызмет еткен мерзім бойына амортизацияланған құнды тарату процесі. Амортизацияланған құн бастапқы құны мен жою құнының арасындағы айырма. Амортизациялық аударымдар әрбір есептік кезеңнің шығысы ретінде табылады.

Жаңадан пайдалануға берілген негізгі құралдар бойынша амортизация есептеу келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен басталады, ал шығып кеткен негізгі құралдар бойынша — шыққан айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады. Толығымен амортизацияланған негізгі құралдар бойынша амортизацияны есептеу қорлардың құны өнімнің (жұмыстың, қызметтің) құнына толықтай ауысқан айдан кейін тұтын айдың бірінші күні тоқтатылады.



Тоқтал тұрған негізгі құралдар бойынша техникалық тұрғыдан қайта жаратандыру барысында, консервацияға ауыстырылған кезінде амортизация есептелінбейді. Жалға алынған негізгі құралдар бойынша амортизация есептеуді жалға беру шартының немесе шарт талаптарына сәйкес жалға беруші немесе жалға алушы жасайды. Одан басқа, мына төмендегі негізгі құралдар бойынша амортизация есептелінбейді: жер, өнім беретін малдар, кітапхана қоры, мұражай құндылықтары, ескерткіш архитектурасы мен өнері, ортақ пайдаланатын автомобиль жолдары.

## **II НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР АУДИТІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

### **2.1. Негізгі құралдардың аудитінің мәні және ақпарат көздері**

Аудит Қазақстан Республикасы заңында белгіленген талаптарға сәйкес қаржылық есеп берудің дұрыстығы мен объективтілігі туралы пікір білдіру мақсатында заңды тұлғалардың қаржылық қорытынды есебін тексереді

Аудиторлық қызметтің мәні қаржылық есеп беруді, төлем-есептеу қаржықтамасын тәуелсіз тексеру, түрлі қызметтер мен кеңес беру бухгалтерлік есеп жүргізу мен қалпына келтіру, ұйымның активтері мен міндеттемелерін бағалау, салық декларациясын толтыру, қаржы - шаруашылық қызметке экономикалық талдау жүргізу бойынша тұтынушыларға қызметтер ұсынатын аудиторлық фирмалардың (аудиторлардың) кәсіпкерлік қызметі болып табылуында.

Қаржылық есеп беру аудитінің мақсаты — аудиторға қаржылық қорытынды есепті құрудың белгіленген концептуалдық негізінде сәйкес барлық елеуді аспектілер бойынша қаржылық қорытынды есептің дайындалғаны жөнінде қорытынды беру мүмкіндігін беру. Аудит

мақсатының стандартты анықтамасына қарамастан, аудит мақсаты дегенде аудитордың алдына тұтынушы қоятын мақсатты түсінуіміз керек.

Ұйым қызметі мен оның заңды орындалуын тәуелсіз аудиторлық тексеру мемлекетке де экономика, қаржыландыру, несие беру, инвестициялау және салық салу саласында қажетті шараларды қабылдау үшін қажет, жекелеген кәсіпорындар, ұлттық экономика салалары мен аймақтар бойынша жүргізілетін аудиторлық тексерулер өздерін қызықтыратын қаржылық есептеме нақтылығын дәлелдеу үшін республиканың мемлекеттік органдары, министрліктер мен ведомстволар, соттар, прокуратураға және басқаларға қажет.



Сурет 1. Аудитке деген қажеттілік меншік құқығы мен кәсіпорында басқару бөлігінен кезде пайда болады. Бірақ осындай аудитті жүргізуге деген заң талаптары жоқ кезде де қаржылық есеп беру аудитіне тін белгілі басшылықтар болады.

Аудитке кәсіпорын қызметін жан-жақты тексеру енеді. Сондықтан ол аудиторға басшылыққа арналған және оның қызметінің тиімділігін жоғарылату жөніндегі конструктивті ұсыныстар дайындауға мүмкіндік береді. Фирма қызметкерлерінің жан-тәнімен жұмыс істеуі үшін аудит күшті

моральдық ынталандыру болып табылады. Барлық жазбалар мен есеп берулер тәуелсіз адамдармен талданылады деп түсіну қызметкерлерді есепті міндет және анық жүргізуге, сонымен қатар кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептемені құруға мәжбүр етеді.

Тексеруді жүзеге асыра отырып тәуелсіз аудиторлар екі негізгі қызметті орындайды:

1. Қаржылық есеп берудің толықтығы мен дұрыстығын дәлелдеуге арналған дәлелдемелерді жинау және бағалау.

2. Қаржылық есеп беру мәліметтерін есептің жалпы қабылданған стандарттарына сәйкес тексеру.

Аудиторлық қызметтің негізгі міндеті экономикалық субъектінің қаржышаруашылық қызметін реттейтін заңның сақталуын, бухгалтерлік есептің жүргізілуін, қорытынды есепті құруды және пайдаланушыларды қаржылық жағдай туралы ақпаратпен жабдықтауды сапалы тексеруді қамтамасыз етуге болып табылады. Іскерлік ортада қорытынды есеп беру мәліметтері аудиторлық қорытындымен дәлелденбеген кәсіпкерлерге сенім аз болады. Сенімге не болу үшін экономикалық қатынастардың тұрақтылығын дәлелдейтін ұзақ серіктік қатынастар қажет болады.

Қазіргі кезге дейін сыртқы аудит мәселелері арасырылды. Сондықтан бұл тарауда ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелерін қысқаша бақылайық. Себебі бұл сұрақ "Аудиттің басқа түрлері" тарауында толығырақ қарастырылады. Ішкі аудит басқару есебінің бөлінбес және маңызды элементі болып табылады. Ішкі аудитке деген қажеттілік жоғары басшылық барлық басқару құрылымдары қызметін күнделікті бақыламауына байланысты ірі кәсіпорындарда пайда болады. Ішкі аудит осы қызмет туралы ақпарат беріп, менеджерлер есебінің нақтылығын дәлелдейді. Ең ақырымен ішкі аудит ресурстарды жоғалтуға жол бермеуге және кәсіпорын ішіндегі қажетті өзгерістерді іске асыру үшін қажет.

Сыртқы аудитті ұйымға талсырыс беру (шарт жасасу) негізінде сыртқы тәуелсіз аудиторлар, аудиторлық фирмалар жүзеге асырады. Сыртқы аудиттың тағы ерекшелігі аудиторлардың тексерілетін кәсіпорының мүддесі жоқтығында және құрылтайшы, меншік иесі, акционер, басшы және басқа лауазымды адамдар болмауында, ұйым басшылығы мен туыстық қатынаста (ата-анасы, жұбайы, жа-інісі, апалы-сіңлісі, ұл-қыздары) тұрмайтындығында және қызметтік қатынаста байланысы жоқтығында болып табылады. Сыртқы аудитті жүргізу нәтижелері тексерілетін ұйымдардағы есеп, ішкі аудит жағдайы және қаржылық есеп берудің дұрыстығы туралы қорытынды жасау және ұғыну арқылы рәсімделеді.

Заң талаптарына қатысты аудит міндетті және бастамашылық (ерікті) болып бөлінеді. ҚР "Аудиторлық қызмет туралы" заңының "Аудит және оның түрлері" деген 4-бабында "Аудит түрлері міндетті аудит және бастамашылық аудит болып табылады" деп көрсетілген.

Міндетті аудит - тізімі заңмен белгіленген кәсіпорындардың қаржылық қорытынды есебіне жыл сайын аудиторлық тексеру жүргізу.

Бастамашылық аудит оны жүргізу шартында көрсетілген аудиттің нақты міндеттері, мерзімдері мен төлемдері ескеріле отырып, кәсіпорынның өзінің шешімімен жүргізіледі.

Сыртқы және ішкі аудиттің ортақтығы — белгіленген стандарттар шеңберінде қызмет етеді, тексеру нәтижелері бойынша есептерді құрастырады және т.б. сонымен қатар ерекшеліктері де бар:

- түрлі міндеттерді орындау;
- сәйкес көрсеткіштер үшін есептерді құру;
- көрсетілген қызмет көрсетулер көлеміндегі айырмашылық;
- күнделікті шаруашылық- қаржылық операцияларға сәуірлік дәрежесі;
- есеп беруді құру нысандарындағы айырмашылық.

Негізгі құралдардың сақтау, есепке алу және пайдалану есебіннің аудитінің басты міндеті:

- негізгі құралдардың нақты қолда барлығына және сақталуына бақылаудың қалтамасыз етілгендігін;
- еңбек құралдарының негізгі құралдарға дұрыс жатқызылғандығын, олардың жіктелуі, меншікті қатынасы және өндіріс үрдісін қатысу сипаты бойынша топталғандығын;
- есепте негізгі құралдардың дұрыс болғандығын;
- есепте негізгі құралдардың кіріс және шығыс операцияларының дұрыс көрсетіліп құжатталғандығын;
- есепте негізгі құралдарға тозудың және жөндеудің дұрыс есептеліп құжатталғандығын;
- негізгі құралдардың дұрыс және тиімді пайдаланғанын;
- бухгалтерлік есеп пен қорытынды есепте нақты қолда бар негізгі құралдардың және олардың қозғалысы туралы мәліметтердің дұрыс көрсетілгендігін тексеру болып табылады.

Аудитордың міндеті қолда бар негізгі құралдардың сақталуын бақылаудың қалай ұйымдастырылғандығын тексеру меншектелмейді.

Оларды сақтауды қалтамасыз етуі байланысты атқарылған іс-шарларды да тексеруге міндетті. Ол үшін шаруашылықтың басшыларының бұйрығымен негізгі құралдардың сақталуына жауап беретін материалды жауапкершілікті тұлғаның тағайындалғандығын; тағайындалған тұлғалармен олардың толық материалды жауапкершілігі туралы жазбаша шарт жасалғандығын; негізгі құралдардың сақталуына тексеру жүргізетін тұрақты жұмыс істейтін түгендеу комиссиясының тағайындалғандығын; жылдық қорытынды қаржылық есеп жасаудың алдында өткендеу жүргізілгендігін; түгендеудің нәтижесінде дұрыс құжатталғандығын және оны қарау мерзімінің сақталғандығын негізгі құралдардың кем шығу жоғалған, бүлінген фактілер орын алған жағдайда



9	Негізгі құралдардың негізгі шығындарының жеткізілімі және оларды бұзбалықпен және шеттен әрекет жасау, жіберу және қалпына келтіру.	Есеп сәйкестік негізінде бірқатар негізгі шығындар құрамаға кіреді (ақпараттық технологиялар және басқа да бағалы құралдар). "Басқа да бөлімше және шығындар" (36) шот ашыққа есептеледі және "Негізгі құралдар шығындары" атауымен есептеледі.
10	Есептеудің және есептеу тегімі шығындарының жеткізілімі және оларды жіберу және қалпына келтіру.	Жалпы шығындар шығындары "Есеп және есептеу шығындары" негізгі құралдардың есептеу және шығындары (НҚ-2400-а).
11	Негізгі құралдардың шығындарының есептеу және шығындарының шығындары.	НҚ-1, НҚ-3, НҚ-4, НҚ-5, шығындар шығындары және шығындары (НҚ-2400) шығындары және шығындары.
2400	Негізгі құралдардың шығындарының есептеу және шығындарының шығындары.	Есептеу және шығындарының шығындарының шығындары (НҚ-2400) және шығындары.
2420	Негізгі құралдардың негізгі шығындары және шығындарының шығындары.	Анализ және шығындары.

Аудитор жоғарыда аталған басты міндеттерді тиісінше орындау үшін негізгі құралдардың сақталу және пайдалану есебінің аудитінің бағыдарламаларын жасауға тиісті. Бағыдарламада тексерілетін мәселелер, жоспарланған аудиттің іс-әрекеттері, ақпарат көздері және тексеру мерзімі анықталуы тиіс. Отандық және шетелдік авторлардың жасаған бағыдарламаларына сүйене отырып, негізгі құралдардың сақталу және пайдалану есебінің аудитінің бағыдарламасы мынандай мәселелерді қамтиды:

- баланстық көрсеткіштерінің, бас кітап, есеп регистрларындағы мақсатқа сәйкес келуін тексеруді;

- негізгі құралдардың аналитикалық және синтетикалық есебінің дұрыс жүргізілгендігін көрсетуді;

- негізгі құралдарды сақтау және пайдалану орындардағы нақтылығын және оларға бақылаудың қамтамасыз етілгендігін тексеруді;

- негізгі құралдардың ішкі және сыртқы қозғалыстарының дұрыс құжатталғандығын тексеруді;

- негізгі құралдардың дұрыс топталып сыныпталғандығын тексеруді;

- негізгі құралдарды бақылау және сыртқы қозғалыстарының дұрыс құжатталғандығын тексеруді;

- негізгі құралдарды кіріске алу және шығыс жасау операцияларының дұрыстығын тексеруді;

- негізгі құралдарға тозу есептеу және амортизациялау операцияларының дұрыстығын тексеруді;

- негізгі құралдарды жөндеуге (күрделі ағылдам) жұмсалған шығындардың негізділігін және олардың бухгалтерлік есеп шарттарында дұрыс таратылғандығын тексеруді;

- негізгі құралдардың техникалық жағындайын және олардың тиімді пайдалануын тексеруді;

- негізгі құралдарды сақтандыру және оларға салық есептеу операцияларының дұрыстығын тексеруді;

Негізгі құралдарды, аудитордың бағыдарлама көрсетіп отырғандай алдымен олардың баланста дұрыс көрсетілгендігін тексеру үшін 2400 «Негізгі құралдар», 2420 «Негізгі құралдардың тозуы» Бөлімшелерінің құралына енген аналитикалық шоттарындағы қалдықтарының бас кітаптағы басқа регистрларындағы, машинажазбалардағы көрсетілген мәліметтермен және аналитикалық есеп шоттардағы көрсеткіштерінің қосындысының жиынтығы синтетикалық есеп шоттардағы мәліметтермен сәйкестігін анықтау қажет. Олардың есепті кездегі басталғы және соңғы қалдықтарды айтық айналымдары сәйкес келуі керек. Мәліметтерде ауытқулар кездесен жағдайда, себебін анықтау үшін субъектіге негізгі құралдарға түгендеу жүргізуді ұсыну керек.



## 2.2 Негізгі құралдардың сауданың нормативтік- құқықтық реттелуі

Аудитор негізгі құралдар топталып сыныпталуын тексерген кезде кейбір мәселелерді анықтап көз жеткізуге міндетті:

- негізгі құралдарды кіріске алу есеп актісіне тіркелген техникалық құжаттарының сақталғандығына, олардың сақталу тәртібіне және кімдердің жауап беретіндігіне;

- негізгі құралдар нысаналарның толық мінездемесі жазылған мүлктік есеп карточкаларының сақталғандығына;

- негізгі құралдар нысандары сәйкес белгілеріне қарай кіріске алынып, техникалық құжаттары мен мүлдік карточкаларының негізінде топтаудың жүзеге асырылғандығына ;

Аудитордың басты мақсаты – негізгі құралдар нысаналарының пайдалану мақсатына, сыймасына, заттық нысанына , меншіктік қатынасына, болмыстық құрамдарына қарай дұрыс топталып сыныпталғандығынан анықтау болып табылады.

Аудитор негізгі құралдардың топталып, сыныпталу тәртібіне сәйкестігімен танысқаннан кейін, олардың бағалау тәртібіне назар аудару тиіс. Аудитор негізгі құралдардың бағалауын тексеруді жүзеге асырып, табысты аяқтау үшін мына мәселеге мұқият назар аударып алуға тиіс:

- негізгі құралдар нысандарның кіріске алынған сәтінде келіп түсу кездеріне қарай дұрыс болғандығын;

- жеке тұлғалардан сап алынған құралдардың құны көрсетіліп, екі шарт жасалғандығын;

- құралтайшыларының шаруашылықтың жарғылық қаптығына қосқан үлестері, кіріске алынып келісім бағасына жасалған қаттамасын және сараптау жолмен бағалау жүргізу тәртібінің сақталғандығын;

- негізгі құралдар нысандарын ұзақ мерзімге жалға сатып алу құқығы берілген алған кезде, жалға беруге және алуға жасалған шартта құны көрсетілгендігін;

- негізгі құралдар бастапқы құнына, жәй күйіне әсер етіндей қосымша салымдардың нәтижесін, ішкінара жою немесе қайта құрастырудың салдарынан қызмет ету мерзімінің ұзартылғандығын немесе қысқартылғандығын;

- негізгі құралдар нарықтық құны туралы арнайы мамандандырылған ұйымдардың растаған сараптама қорытындысы жазылған құжаттарын;

- негізгі құралдар дайындап шығаруды және сатушы ұйымдардағы тауардың бағасы туралы және баға туралы арнайы басылымдарда жарияланған анықтама материалдарының бар екендігін.

Аудитор негізгі құралдардың бастапқы құнының анықталу тәртібімен танысқаннан кейін, олардың қалыптасу көздеріне қарай бастапқы құнының құжаттарындағы нақты шығындар көлемінде анықталғандығына назар аударуға тиісті.

Аудитор бастапқы құнға өзгеріс енгізуге қандай жағдайларда ғана рұқсат етілетіндігіне және оның сақталғандығын анықтауы тиіс.

Аудитор шаруашылықтың басымысының негізгі құралдар қабылдап, кіріске алуы жүзеге асыратын тұрақты жұмыс істейтін компания құру туралы бұйрығымен және қабылдау комиссиясы құралымен танысқаннан кейін, негізгі құралдардың кіріске алыну көздерін анықтау тиіс. Сондай-ақ, аудитор шаруашылықтың пайдалануына кіріске алынған негізгі құралдарды жаңартып және толықтырып отыру көздеріне аудит жүргізгенде мынандай мәселелерге ерекше назар аударуы тиіс:

- күрделі қаржы салымдына (жаңа ғимараттар, құрылыстар мен беріліс еткізгіш құрылыстарды сату, жаңа жабдықтарды сатып алу және оны орнату);

- заңды және жеке тұлғалардан жаңа және бұрын пайдалануда болған негізгі құралдар нысандарының сатып алу ерекшеліктерінің сақталғандығына;

- тауарлы - материалды құндылықтарға айырбастау (бартерлік) жолымен алынған негізгі құралдарға;
- заңды және жеке тұлғалардан төлем ақысыз тегін алынған маңа және бұрын пайдалануда болған негізгі құралдарға;
- құрылтайшыларының жарғылық капиталға кірмеген үлесі ретінде алынған негізгі құралдарға;
- түгендеу кезінде анықталған есепте жоқ (артық) негізгі құралдарға;
- ұзақ мерзімге жалға алу жолымен алынған негізгі құралдарға.

Аудитор негізгі құралдардың келіп түсу кездеріне қарай дер кезінде кіріске алу құжаттары толтырылып тірмелгендігіне мән жеткізу керек.

Негізгі құралдарды кіріске алууды жүзеге асыратын шаруашылықтың басшысының бұйрығымен немесе өкімімен тағайындалған тұрақты жұмыс істейтін комиссияның құрамының түгелдей қатысып, оның құрамына әр түрлі саланың бас мамандары мен механиктердің, құрылыс мамандарының, техникалық бөлімнің өкілдерінің, техникалық қауіпсіздендіру мамандарының бухгалтерлердің ж.б. мамандық иелерінің қатыстырылғандығын анықтау қажет.

Аудитор нақты қолда бар негізгі құралдардың сақталуын тексеруге кіріскенде, олардың аналитикалық есебіне назар аударады. Яғни, әрбір негізгі құралдар нысандарының техника-экономикалық сипаттамасын, оның тұрған орнының, бастапқы құнын жүргізілген қайта бағалаудың нәтижелерін көрсетіп ашылатын мүлктік карточкаларының дұрыс толтырылғандығын және дер кезінде ашылғандығын, нақты қолда барлығын тексереді.

Кіріске алынған негізгі құралдарды, оларды толғау принциптерін сақтай отырып, бухгалтерлік есеп шоттарының тиістік жоспарының 1 «Айналымнан тыс активтер» тарауының 2400 «Негізгі құралдар» бөлімшесінің дәйекс синтетикалық шоттарына таратып жазады. Бұл шоттар балансына қатынасы бойынша активті болғандықтан, дебетінде кіріске алынған негізгі құралдар, пайдалануда болған және болмағандығына қарай

құны анықталып көрсетіледі. Яғни, негізгі құралдарды бухгалтерлік есеп шоттарында көрсету тәртібі оларды қандай күйде сатып алғандығына және қаржыландыру көздеріне де байланысты.

Аудитор күрделі құрылысқа жұмсалған шығындардың негізділігін, күрделі қаржы көзінің салымдарының игерілуін және өзіндік құнын анықтау тәртіптерін назардан тыс қалдырмауы тиіс. Күрделі қаржы салымын бақылау және анықтама жинақтау үшін бухгалтерлік есеп шоттарының типтік жинақтарында 2930 «Аяқталмаған құрылыс» шоты қаралған. Бұл шетте барлық жұмсалған шығындары көрсетіледі: ғимараттарды және құрылыстарды салу, жабдықтарды және сметаларды құрастыру күрделі құрылыс смета-қаржылық есептер (құрылыс мердігерлік немесе шаруашылық әдіспен жүзеге асыру қарамастан) бойынша, сондай-ақ құрылысқа бөлінген несиенің пайыздары, құрылысты салуға және негізгі құралдарды салуға бастапқы құнына енетін және енбейтін техникалық, энергетикалық және өндірістік жабдықтар бойынша (шеберханалар, тәжірибе жүргізетін қондырғы меншік лабораториялық жабдықтарын қоса), құрастыруды, орнатуды, талап ететін, салынып жатқан күрделі қаржы салымдарға арналған қондырғылар үшін, шаруашылықта өсіріліп жатқан және негізгі табынға еткізілетін өнім беретін малдар мен күш көліктерінің төлемдері.

Аудитор күрделі шығындар есебіне аудиторлық тексеру жүргізген кезде негізгі құралдардың мүлктік құнын қалыптастыратын және олардың құнын ұлғайтпайтын шығындарының есебінің жеке-жеке жүргізілгендігіне назар аударуы керек. Негізгі құралдардың құнын ұлғайтпайтын шығындарының 2930 «Аяқталмаған құрылыс» шотының кредитінен және 7210 «Әкімшілік шығындарына» шығысқа шығарылғандығын олардың құрамын анықтауға тиісті.

Аудитор негізгі құралдарға тозу есептеуді тексерген кезінде жинақталған амортизация қожалысын зерттеуге міндетті. Негізгі

құралдарды толықтырып отырудың және техникалық жағдайын сылаптайтын көрсеткіштерін анықтау үшін, есептелген тозу сомасы маңызды базасы болып табылады.

Аудитор өлшемді пайдалану мерзімі бітіп, амортизация есептеу тоқтатылған негізгі құралдар тізімінің берілуін талап етуге тиіс. Егер амортизация есептеу практикасында жедел әдісті қолданса, онда ол есеп саясатында көрсетілуі керек.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер практикасында амортизация есептеудің тәртібін бұзу фактілері жиі кездесіп отырады, олар:

- кейбір субъектілер практикасында негізгі құралдарға тоқсанына бір рет тозу есептеу;
- қаржылық нәтижені әдейі төмендету мақсатында мөлшерлі пайдалану мерзімі біткен тозу есептеуді толғастыру;
- құнды берілгендігіне қарамастан, шамадан жоғары жеделдетіп тозу есептеу (амортизациялық күн);
- жеделдетіп амортизация есептеуге жатпайтын нысандарға жедел амортизация есептеу әдісін қолдану.

Аудитор тозу есептеудің және оның бухгалтерлік есеп шоттарында дұрыс көрсетілуін тексеру кезінде субъектіде бекітілген амортизация нормаларының нақты қолда барлығына көз жеткізуге тиісті. Олардың нақты қолда болмауының салдарынан қате жіберудің себебі туындайды.

Негізгі құралдар пайдалану барысында біртіндеп тозады, сондықтан оларды пайдалы қызмет ету мерзімі біткенше жұмысқа (енім ендіруге) қабілеттілігін төмендетпей ұстап тұру үшін, техникалық құжаттарында белгіленген тәртіппе сәйкес күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізіп тұру керек.

Жөндеу, ұшықтастыру - техникалық белгілері бойынша күрделі және ағымдағы болып бөлінеді.

Аудитор негізгі құралдарды жөндеуге жұмсалған шығындарының дұрыстығын тексеріп, оны орындауға байланысты смета-техникалық құжаттарына мұқият бақылау жүргізуі керек. Сметаның дұрыс жасалғандығына және оның нақтылығына ерекше назар аударуы қажет. Кейде сметаны негізгі құралдар нысандарын жөндеу жұмыстары біткеннен кейін жас, демек нақты жұмсалған шығынды смета құнына теңестірі. Ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеуден өткізу субъектінің төрағасы бекіткен нысанды техникалық қарап ақтісінің немесе ақау-ведомостының негізінде смета жасалады.

Аудитор жөндеу қорына бөлу көлемінің қаншалықты негізді екеніне (экономикалық есептеулермен расталған) көмек жеткізуі керек. Негізгі құралдар түрлері бойынша, бөлу көлем жеке-жеке болуы да немесе бірінғай бөлу нормасы бекітілген болуы да мүмкін. Егер аудитордың көзқарасы бойынша бірінғай норманы қолдану, өкімнің өзіндік құнын негізсіз жоғарылатып, саясиқ алынатын табысты төмендетуге әкеліп, соғуы мүмкін деген жағдайда, оны атап көрсетуі керек. Мысалы, жөндеу қорына бірінғай нормамен бөлінген кезде, жалпы балақта ғимараттар мен құрылыстардың құны едеуір болса онда аудитор жыл бойында қандай бөлу нормалары қолданылғанын анықтауы қажет (олар ұзақ уақыт бойы өзгермеуі керек).

Аудитор жөндеу қорына бөлу нормаларының техника-экономикалық негізділігіне (есептеулерінің) және олардың ай сайын бөлу кезінде сақталғандығына мез жеткізіп, шаруашылықтың қабылдаған есеп саясатына қарай жөндеуге өндірілген шығындарының дұрыстығын тексеріп, ол өзгерген жағдайда себепін және қаржылық нәтижеге өсерін анықтауға міндетті. Жөндеу жұмыстарының әдістеріне байланысты шығындары бухгалтерлік есеп әдістемелерінде өзгеше жіктеледі. Аудитор жөндеу жұмыстарының мердігерлік және шаруашылық әдіспен жүргізген кезде, бухгалтерлік есеп шоттарында, қаржылық операцияларының

көрсетілуін тексеруге міндетті. Жөндеу жұмыстарын шаруашылық әдіспен жүзеге асырған кезде негізгі құралдар нысандарының жөндеу шығындарының есебі екі нұсқада жүргізіледі. Бірінші нұсқа негізінде барлық шығындар артындау мерзімдеріне қарай «Қосалқы өндіріс» бөлімшесінің шоттарына жинақталады.

Негізгі құралдар нысандары әр түрлі себептермен белгіленген тәртіп бойынша шаруашылықтың балансынан шығысқа шығарылып отырыады. №6 «Бухгалтерлік есеп стандартында» БЕС негізгі құрал-жабдықтар шаруашылықтың балансынан - жойылу, өткізу, айырбастау - тегін беру нәтижесінде есептен шығарылады деп көрсетілген.

Тексеру барысында аудитор негізгі құралдар нысандарыны шығысқа шығарылу себептерінің операцияларының заңдылығын және тиімділігін толығы жетіп жарамсызданған негізгі құралдарды жою тәртібін, нысандарды жоюдан алынған қосалқы бөлшектерді, қысқандыларды және басқа да материалдарын қоржық алудың толықтығын анықтауға міндетті. Негізгі құралдарды шығысқа шығару операцияларының заңдылығын және тиімділігін бастапқы құжаттарын (шығысқа шығару актісі, қабылдау өткізу актісі, накладнойлар, шот-фактуралар ж.т.б.), аналитикалық және синтетикалық есеп мәліметтерін (негізгі құралдар қозғалысының есебінің карточкалары, журнал-ордер Бас кітап) тексеру арқылы анықталады.

Аудитор ғимараттарды, құрылыстарды, машиналарды, жабдықтарды және шаруашылықтың басқа да мүліктерін шығарған бүкіл актілерімен танысуы қажет. Тексерген кезде бұл құжаттарға белгіленген үлгілердің олардың реквизиттерінің толтыру тәртібінің сақталуына комиссияның құрамының комиссия мүшелерінің және актіні белгілен шаруашылықтың төрағасының қойған қолының барлығына аудару қажет.

### III ТАРАУ. АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

#### 3.1 Негізгі құралдардың қозғалысының талдауы

Негізгі құралдар – бұл кез-келген өндірістің ең негізгі факторларының бірі. Оның жағдайы және тиімді қолдануы кәсіптік шаруашылық қызметіне соңғы қорытындылары тіке әсер етеді. Негізгі қорды рационалды қолдану және өнеркәсіптің кәсіптік қуаты барлық техникалық – экономикалық өрсеткіштердің жақсаруына алып келеді, сонымен қатар өнім шығару көлемінің өсуіне, еңбек көлемінің дайындығына.

Негізгі қордың талдауы бірнеше бағытта жүруі мүмкін, оны көшенді өңдеу осы құрылымға бәсе беруге, динамика және тиімділік пен негізгі қорларды және ұзақ мерзімді инвестициялар қолдануға болады.

Талдау бағыты мен талдау тапсырмасының талдауы бағдары қажеттіліктерімен анықталады. Негізгі құралдардың динамика құрылымын талдау, инвестициялық талдау қаржылық талдаудың мазмұнын құрайды. Негізгі құралдарды қолдану тиімділігінің бағасы және пайдаланушы шығындары басқарушылық талдауға жатады, бірақ жоғарыда көрсетілгендей бұл талдаулардың арасында шектеу жоқ,

Мазмұны бойынша және құрал – жабдықты пайдалы талдау өкімнің өзіндік бағасын талдаудың құрама бөлігі болып табылады.

Негізгі құралдарды талдаудың әдісі талдаулы жоғарғы нұсқаны қолдануына бағытталған. Сондықтан талдаудың басты ерекшеліктері мынандай

- 1) Негізгі құралдарды қолдануда нұсқалықтың шешілуі
- 2) Келешекке бағытталу

Келешекті талдау – инвестиция талдаудың негізгі түрі, негізгі құралдар балансындағы талдау және қолдану тиімділігі.



Негізгі құралдардың динамикасы мен құрылымының жағдайын зерттеу ерекше көңіл бөлінеді, өйткені ұзақ мерзімді кәсіпорын активінде үлкен үлес салмағын алады.

Кәсіпорынның негізгі қоры өнеркәсіптік – және өнеркәсіптік емес болып бөлінеді, сонымен қатар өндірістік емес қорларды белгілейді.

Одан басқа активті бөлігін (жұмыс машиналары және құрал – жабдықтар) және пассивті бөлігінің қорын анықтау белгіленген, сонымен қатар функционалды белгіленген бөлек кіші топтар сәйкес келу белгіленген өндірістік ғимарат, жұмысшылар және жұмыс машиналары, құрал – жабдықтар, орнату және өлшеу құралдары және тағы басқалар)

Бұл жерде үлкен көңіл бөлінетін жағдай пассив пен активтің қарым – қатынасы, жұмыс машинасы, өйткені олардың жоғары үйлесімділігі көбіне қор қайтарылына, қор табыстылығына және кәсіпорынның қаржылық жағдайына тәуелді.

Негізгі құралдарды толық және рационалды қолдану еңбек өндірісінің өсуіне қор қайтарылымының жоғарлауына жұмыс пен қызмет көрсетудің көбейуіне өнімді құндық төмендеуіне алып келеді:

Негізгі құралдардың тапсырмасын талдау мынандай:

- 1 Негізгі құралдардың құрылымдық бөлімшелері және кәсіпорынның қажеттіліктерін қанағаттандыруды орнату;
- 2 Көлемінің құралының және техникалық деңгейінің сәйкес келуі;
- 3 Жаңартылуы және шығып келуі;
- 4 Негізгі құралдардың техникалық жағдайын зерттеу;
- 5 Тіімді құрал – жабдықты қолданудың уақыты және қуаты бойынша анықтау;
- 6 Қор қайтарылмағанын резервтерін анықтау, негізгі құралдарды қолдануды жақсарту үшін қызмет пен кіріс есебінің көлемінің ұлғаюы.

## Қорытынды

Бухгалтерлік есепте негізгі құралдар деп өндіріс үдерісінде ұзақ уақыт бойы, яғни бір жылдан артық уақыт пайдаланатын, өзінің бастапқы түрін, көлемін сақтай отырып, құнын шығарылған өнімге, орындалған жұмысқа, көрсетілген қызметке есептелген амортизациялық аударым мөлшері шегінде біртіндеп ауыстырып отыратын еңбек құралдарын, яғни материалдық активтерді айтады. "Негізгі құралдарға" — қызылмайтын мүлік, жер учаскелері, үйлер мен ғимараттар, өткізгіш тетіктер, машиналар мен жабдықтар, өлшеуіш және реттеуіш аспаптары мен құралдары, есептеуіш машиналар мен техникалары және олардың бағдарламалық құралдары, көлік тасымалдау құралдары, аспаптар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандары, өнім және жұмыс малдары, көп жылдық көшеттер, шаруашылықтың ішкі жолы, тағы да басқалар жатады.

ҚР – ның Президентінің Заңына сәйкес «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру туралы» 2006-2002 жылғы және құқықтық нормативтік актілер, ҚР – да бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру жүйесін ретлеп отырушы, басты принциптері мен есептің жалпы ережелерін бекітетін, субъектілер үшін ішкі бақылау мен сыртқы аудитке мынандай талап қойылады:

- Бухгалтерлік есеп туралы жарлық;
- Бухгалтерлік есеп стандарттары;
- методикалық нұсқаулар;
- субъектінің салси есебі;
- Жоспардың тиістілік шарттары.

Кәсіпорында негізгі құралдардың есебі №6 БЕС сәйкес ұйымдастырылады. Осы стандарт негізгі құралдың есебін жүргізудің, субъектіге жататын меншік құқығын, шаруашылық пен оперативтік басқару жүйесін анықтайды.

Негізгі құралдардың есебі 2400-ші "Негізгі құралдар" бөлімшесінің мынадай мүліктік активтік шоттарында жүргізіледі: Жер, Ғимараттар мен

құрылыстар, Машиналар мен жабдықтар, откізін тетіктер, Көлік құралдар, Басқа да негізгі өндіріс, ұжымдалған өндіріс.

Негізгі құралдардың амортизациясын есептеудің әртүрлі әдістері бар. Шаруашылық жүргізуші субъектінің бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес дербес тұрғыда, өздерінің есеп саясатында амортизацияны есептеудің тәсілі бойынша жасалынады, олар:

- құнын бірқалыпты (түзу сызықты) жолмен есептен шығару;
- құнын орындалған жұмыстың көлеміне пропорционалды (немесе пара-пар) етіп есептен шығару (өндірістік әдіс);
- жеделдетіп есептен шығару;
- қалдығын азайту жолымен есептен шығару;
- құнын сандардың жиынтығы бойынша (кумулятивтік әдіс) есептен шығару.

Аудит Қазақстан Республикасы заңында белгіленген талаптарға сәйкес қаржылық есеп берудің дұрыстығы мен объективтілігі туралы пікір білдіру мақсатында заңды тұлғалардың қаржылық қорытынды есебін тексереді

Аудиторлық қызметтің мәні қаржылық есеп беруді, төлем-есептеу құжаттамасын тәуелсіз тексеру, түрлі қызметтер мен кеңес беру бухгалтерлік есеп жүргізу мен қалпына келтіру, ұйымның активтері мен міндеттемелерін бағалау, салық декларациясын толтыру, қаржы - шаруашылық қызметке экономикалық талдау жүргізу бойынша тұтынушыларға қызметтер ұсынатын аудиторлық фирмалардың (аудиторлардың) кәсіпкерлік қызметі болып табылуында.

Негізгі құралдарды талдауды жүргізуде бухгалтерлік статистикалық және оперативтік есеп мәліметтері қолданылады. №1 үлгіде «Бухгалтерлік баланс» мәліметтері қолданылады, сонымен қатар статистикалық нысан №11 «Негізгі құралдардың материалдық емес активтердің нақтылығы және көзғалысы туралы есеп беру»

Негізгі құралдардың құрылым талдауының тапсырмасы оның өлшемді мен прогресивті құрылымын бағалауды түйіндейді

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы" 2002-жылдың 24-ші маусымындағы Қазақстан Республикасының Заңы, (өзгерту толық 28.02.2007ж)
2. "Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы" 1998-жылғы 20-қараша Заң күші бар №20 жарлығы (2001 ж. 15 қарашадан өзгертулер мен толықтырулармен),
3. Байдаулетов М., Байдаулетов С.М. Аудит, А., Қазақ университеті. 2004 ж
4. Дюсембаев К. Ш., Егембердиев С.К., Дюсембаева З.К. Аудит и анализ финансовой отчетности, А., Қаржы-қаражат. 1998 ж
5. Радостовец В.К., Рабдуллин Т.Г., Радостовец В.В., Шандт О.И. Кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп, Қазақстан - орталық аудиті тәуелсіз аудиторлық компаниясы. А., 2003 ж
6. Сатмурзаев А.А., Укашев Б.Е. Аудиттің теориясы, А., Ұлағат университеті. 1998 ж
7. Төлегенов Э.Т. Бухгалтерлік ақпарат жүйелері, А., Экономика. 2001 ж
8. Тасмағамбетов Т.А., Омаров А.Ш., Әлбекова Б.А., Рабатов О.Ж., Байболтаева Н.Ә., Радостовец В.К. Қаржы есебі, А., Дәуір. 1998 ж